

XV-XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ТІЛІНІҢ КӨРІНІСІ

ЖОСПАРЫ

1. Қазақ жазба тілін сипаттайтын тілдік деректер
2. “Кітаби тіл” туралы түсінік
3. Қадырғали Жалайыридің «Жами ат тауарих» еңбегінің тілі: лексика-фразеологиясы, грамматикасы

Қазақ жазба тілін сипаттайтын тілдік деректер

1. Ресей империясының сыртқы істер коллегиясы мен қазақ хандары арасындағы ресми жазбалар;
2. Қазақ би-сұлтандарының өзара жазысқан хаттары;
3. Қазақ руларының шежірелері

Кітаби тіл туралы пікірлер:

Р.Сыздық, М.Томанов, Б. Әбілқасымов, С.Исаев т.б. қазақ лингвистері

- Орта азиялық түркі жазба әдеби тілі дәстүріне сүйенген қазақтың жазба тілі;
- “Шағатай тілі” деп аталатын Орта Азиядағы түркі халықтарына ортақ жасанды әдеби тіл;
- XVIII ғасырлардан бастап жазба формаға түскен шығармалардың тілі, “кітаби тіл”

С.Е.Малов, В.В.Радлов , өзбек ғалымдары т.б.

- “мұсылманша-татарша жаргон”,
- “шұбарланған қоспа тіл”,
- “көне өзбек тілі”

“Шағатай” немесе “көне өзбек тілі” деген термин кейін пайда болған. Дұрысында, ол шығармалардың авторы өздері жазып отырған тілді “түркі” немесе “түрки” тілі деп атаған.

- XIV-XV ғасырлардың ақындары Атан, Саккаки, Лутфи, Науаи өз шығармаларын түрки тілінде жазып отырмыз деп атап көрсеткен: *“Гүл уа наурыз” эфсанасын сал, Айт ол қиссаны түркі тілінде* (Лутфи)

- Рабғузидің “Қисасс-үл-Әнбиясы”, Бабурдың “Бабурнамасы”, Абулғасының “Шежіре-и-түркиі” халық арасында “түрки шығармалар” деген атпен тараған.
- *“Бұл тарихты йақшы уа йаманның баршалары білсін деп түрки тілімен айттым...”* (Абулғазы Баһадүр)

**“Жамиғ’ ат-тауарих”
шежіресінің
лексикасы мен
фразеологиясы**

1. Қазақ тіліне өте жақын сөздердің қолданылуы;
2. Бір сөздің қыпшақтық-оғыздық, көне-жаңа, түркілік-арабтық, түркілік-парсылық, арабтық-парсылық варианттарының жарыса қолданылуы;
3. Кірме сөздердің мол қоры: араб, парсы, қытай, моңғол сөздері

- *аяқ асты болды, балдызлай берді, бір йашады, ол хатунын йеңгелете алды, көңүл қалышты, қыз айттурды т.б.*
- *белгілі/мәшһүр, йазылды/шарх берілді, күн туғуш/маширақ, бу күн/һануз, йурт/мақам, йағы/душман, улуг/бузург, огул/фарзанд, кіші/нафар т.б.*
- **араб-парсы:** *дафн қылу, жам қылу т.б.,* **МОНҒОЛ:** *нойан, гүрген, боқаул, түмен, жуңқар т.б.,* **ҚЫТАЙ:** *фуҗсиң, тайши, аниши, гөрхан, гөйәң т.б.*

“Кітаби тіл” орфографиялық дәстүрін берік сақтап, XIX ғасырдың 2 жартысына дейін қазақтың жазба әдеби тілі ретінде қызмет етіп келді.

- Сөз басында ж дыбысы й-мен берліген;
- С дыбысының орнына ш дыбысы қолданылған (сөз мағынасына нұқсан келмейтін жерде);
- “де” етістігі мен одан туындағын етістік формаларында сөз басында д-ның орнына т дыбысы жазылған;
- Кейбір сын есім сөздердің соңында *з, ж, қ, к* дыбыстары сақталып отырған;

•“Бол” етістігі кей жерде “ол” түрінде, “мен” етістігі “бен” түрінде ұшырайды; Түбірге қосымша қосылғанда қазіргідегідей үндестік сақталмай, қосымша көбінесе бір тұлғада жалғанған; Араб-парсы тілінен енген сөздер көп жағдайда өздерінің бастапқы тұлғаларын сақтап жазылған

Грамматикалық сипаты

- септік жалғауларының фонетикалық варианттарының болмауы;
- III жақ тәуелдік жалғауы мен барыс, жатыс, шығыс септіктерінің аралығына **н** интерфиксінің қыстырылуы: хақ иол+ы+**н**+да, ата+сы+**н**+дан. Бұл – қыпшақ тілдерінің заңдылығы. Сонымен бірге Қадырғали тілінде септеудің **н** қыстырмасынсыз келген түрлері де бар: көңіл+і+де, анасы+ға. Бұл Қадырғали заманындағы түркі жазба әдеби тілінің нормасы. Бұл жерде қазақ жазба әдеби тілінің шағатайлық нормадан біртіндеп алшақтап бара жатқаны көрінеді;

- Шығыс септіктің екі вариантының: -дын және –дан қатар қолданылуы қыпшақ тілдері мен ұйғыр тілдерінің «теке тіресін» көрсетеді;
- Септік жалғаулары үндестік заңына сәйкес жуан-жіңішке түрінде жалғанады;
- Қадырғали жылнамасының тілінде етістіктің рай, шақ, жақ, есімше, көсемше категориялары қыпшақ, соның ішінде қазақ тілімен сәйкеседі. Ара-тұра шағатай тілінің кейбір тұлғалары кездеседі: -мыш, -міш, -ғусы, -гусі;

- Қазіргі -а-ды қосымшасының орнына –ғай жұрнақты етістік қолданылған: қойын йылы болғай, йа ни қой йылы болғай (қойын жылы, яғни қой жылы болады)
- Қимыл есімі –ғу/гү, -мақ/мек тұлғасымен жасалған (қазіргі қазақ тіліне жақын)
- Қадырғали –ман жұрнақты қазіргідей шақтық мағынада жұмсайды;
- Кейбір жіктеу есімдіктерінің септелген түрлері өзге қыпшақ тілдеріне тән тұлғада келеді: менім, аның. Ал мендін, сендін, меңе, аңа, аңар сияқты тұлғалардың шағатайлық екені белгілі;

Қадырғали шежіресіндегі шағатай жазба дәстүріне тән белгілер: түбір мен қосымша арасындағы дыбыс үндестігінің сақталмауы (тоқуз, йақа, йоқары, тақы, су аяқында, чықып келді, қамчы соқып), түркі тіліне тән ш-с, ш-ч, й-ж сәйкестіктерінде шағатайлық нұсқаның қолданылуы (баш, қылыч, қыш, йыл, йол т.б.).

“Жамиғ ’ ат-тауарихтың” мәтіні (үзінді)

- Айналасы алты хан, төгүрәгі төрт хан, дүнийаның төрт бурчын билеген хан. Халайиқын ‘адл ік білән сурған хан. Йетімлерге рахим қылыб, чығайларны тойдурған хан. Қыш уа йаз, ай уа йыл хазина да бар малын хақ йолында ихсан қылған хан. Йеті иқлим қашурны алған хан, тахт Қазан, тахт Хажытархан, тахт Тұра, тахт Сарайчық мусаллам хан. Тағда турман, қырда черкес, ойда ештек – барча тасрафында хан. Мажар, бачқыр, рум уил айаты білән барыш-келіш қылған хан. Йахшы атың жабылса білән жабулқаға де дегәч чыққан хан. Қырым білә түркні һәм уаһидың йапрақ дек тітіреткен хан. Сансыз хан оғлы султанларны ешігінде табуғ еттүрген хан. Ойан хан, бойан хан ортасында жүмләт ул кристиан падшаһы Барис Федурауч хан, тахтың сенің тағға охшар, халқың сенің сайа даулатге охшар, затың сенің мисал айға охшар, адлің сенің булытқа охшар, фи’лың сенің шафа’атқа охшар, хаирың сенің теңізге охшар...

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- 1. XVI-XVII ғасырларда қазақ қауымында жазба дәстүрдің болғанына қандай фактілер дәлел бола алады?
- 2. Оразмұхамет пен оның ағасы Тәуекел хан арасында қандай мазмұндағы хаттар болған?
- 3. «Күміс сандық» құпиясы туралы не білеміз?
- 4. XVI-XVII ғасырларда жазба тілдің қандай үлгілері болды?
- 5. Қадырғали Қосымұлы кім?
- 6. Қ.Қосымұлының «Жами ат тауарих» еңбегі кімге арналған?
- 7. Шежіре қандай бөліктерден тұрады?
- 8. Шежіренің тілін қазақ тіліне жақындататын қандай белгілер бар?

- 9. Шежіре тіліндегі лексикалық жарыспалылыққа мысал келтіріңіз
- 10. Шежіре тілінде араб-парсы сөздерінің қандай қолданысы ерекше көзге түседі?
- 11. Шежіре тілінде қандай қытай, моңғол тілдері қолданылады?
- 12. Шежіреші автор қолданған стилдік белгілер қандай?
- 13. XVI ғасырдағы қазақ жазба әдеби тілінің лексикалық сипатын қысқаша қалай көрсетуге болады?
- 15. Шежіре тілінің грамматикалық белгілері қандай?
- 16. Шежіренің жазылу емлесінде қандай ерекшеліктер бар?

-

Пайдаланылатын әдебиеттер

- 1. Сыздықова Р. Қазақ әдебиет тілінің тарихы, А, Ана тілі, 1993.
- 2. Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері, А, Ғылым, 1989.
- 3. Өмірәлиев Қ. ХҮ-ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі, А, Ғылым, 1976.
- 4. Нұрдәулетова Б. ХҮ-ХҮІІІ ғасырдағы Маңғыстау ақын жырауларының тілдік ерекшелігі, А, 2003.
- 5. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: Ана тілі, 1996. – 304 б.
- 6. Ибатов А. ХІҮ ғасырдағы хандар жарлықтарының тілі. А., 1997
- 7. Әбілғазы. Түрік шежіресі /аударған Б.Әбілқасымов/. А., 1992

СӨЖ 4

1. «Жыраулар тіліндегі көне сөздер, сөздік қазынананың нормалануы» (конспектілеу)
2. Р.Сыздықова, М.Қойгелдиев «Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы» еңбегі негізінде Қадырғали бидің «Жамиғ ат тауарих» атты шығармасының тіліне сипаттама жазу

СОӨЖ 4

Ортаазиялық түркі жазба дәстүрі және оның қазақ әдеби тілі тарихындағы орны (реферат)

Әдебиет:

Б.Әбілқасымов. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. А., 1982

С.Исаев Қазақ әдеби тілінің тарихы. А., 1996